ӘБ отырысында қаралды.
ӘБ жетекшісі:
Ш.Ж.Бауыржан
Хаттама №1
«27» тамыз 2026 ж.

Келісемін:
ДОІЖО:
Л.С.Исабаева
«27» тамыз 2026 ж.

Бекітемін:
«ZHAS KER TURAN» ЖШС
директоры:
Ы.А. Жаутиков
«27» тамыз 2026 ж.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспары

Сынып жетекші: Дауылова А.О

Пәні: Сынып сағаты

Сынып: 2 «А»

Сағат саны: 34

Шымкент қаласы

2026 - 2027 оқу жылы

2- сыныптардың сынып сағаттарының жұмыс жоспары

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы

I тоқсан

Апта дәйексөзі: «Білім – қымбат қазына, қанағат тұтпа азына.»(Мұзафар Әлімбаев)

№	Тәрбие құндылықтары бойыншаіс-шара тақырыптары	Аяқтаунысаны	Жауаптылар	Орындау мерзімі
1.	**1 қыркүйек -Білім күні.** **«Таза Қазақстан: Конституция құндылықтары - экологиялық мәдениет пен жауапкершіліктің негізі »** *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№1-САБАҚ:** *2-сыныптар:*«Төтенше қызмет нөмірлері».	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**07.09.2026ж.** .
Апта дәйексөзі: «Жанұям қорғаным, ата-анам тірегім.»				
2.	**№1ЖЖЕ «Оқушылардың көшелерде және жолдарда өзін-өздері ұстауларының негізгі ережелері.** «Адал азамат ел болашағы» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№2-САБАҚ:** *2- сыныптар:* «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері»	Сынып сағаты видеоролик	Сынып жетекшісі	**14.09**
Апта дәйексөзі: «Пайда ойлама, ар ойла, талап қыл артық білуге»				
3	«Білімді ұрпақ - ел тірегі» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 3-САБАҚ** *2- сыныптар:*«Досыңызды ренжітсе не істеу керек?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**21.09**
Апта дәйексөзі: «Еңбекпен шыңдалған адам - адамдықтың үлгісі»				
4	«Қазақ тарихындағы дара тұлға» Өзбекәлі Жәнібековтің туғанына 95 жыл *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 4-САБАҚ**	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**28.09**

	2-сыныптар: «Мұз үстіндегі қауіптер»			
Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық				
Апта дәйексөзі: «Отан – халық жүрегіндегі мәңгілік жарық»				
5	«Қартын сыйлаған ел - қадірлі» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 5-САБАҚ** *2-сыныптар:* «5 секунд» ережесі, бейтаныс адаммен диалогты қалай дұрыс құруға болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**5.10**
Апта дәйексөзі: «Туған жер - ұрпаққа аманат»				
6	**№2 ЖЖЕ «Жүргіншілер өтпелері»** «Ұстазға құрмет – білімге құрмет» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 6-САБАҚ** *2- сыныптар:* «Желі арқылы танысу қаупі»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**12.10**
Апта дәйексөзі: «Отан – алтын бесік, туған жер - жанға медет»				
7	«Адал еңбек – абыройлы өмір» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 7-САБАҚ** *2- сыныптар:* «Супермаркетте өнімдерді таңдау ережелері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	**19.10**
Апта дәйексөзі: «Елге деген сүйіспеншілік - отбасындағы тәрбиеден басталады »				
8	«Республика – менің мақтанышым» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№8-САБАҚ** *2- сыныптар:* «Егер жабайы жануарларды кездестірсем не істеймін?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
Қараша – әділдік және жауапкершілік айы				
II тоқсан **Апта дәйексөзі: «Адалдық пен әділдік – тұлға тірегі»**				
9	«Ыбырай білімнің шамшырағы» Ы.Алтынсариннің туғанына 185 жыл	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	

	Қауіпсіздік сабағы (10 минут) **№ 9-САБАҚ** *2- сыныптар:* «Үйдегі ойын: қауіпсіздік шараларын сақтау»			
Апта дәйексөзі: «Адал сөз – ардың айнасы»				
10	«Заңды білу – өз құқығыңды білу» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 10-САБАҚ** *2-сыныптар* : «Жазғы демалыс кезіндегі мінез - құлық ережелері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
Апта дәйексөзі: «Жауапкершілік – кемел азаматтың көрінісі»				
11	«Ұлттық валюта – ұлт қазынасы» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 11-САБАҚ** *2-сыныптар:* «Төтенше қызмет нөмірлері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
Апта дәйексөзі: «Әділдік – тұлғаның берік тұғыры.»				
12	«Жақып Ақбаевтың туғанына 150 жыл» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 12-САБАҚ** *2- сыныптар:* «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы				
Апта дәйексөзі: «Береке бастауы– бірлікте»				
13	«Манаш Қозыбаевтың туғанына 95 жыл» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 13-САБАҚ** *2- сыныптар:* «Досыңызды ренжітсе не істеу керек?»	Сынып сағаты Мектептегі/сыныптағы тазалықты қолдау акциясы	Сынып жетекшісі	
Апта дәйексөзі: «Ынтымақты ел – ырысты ел»				

14	«Абылайхан ел бірлігінің символы» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 14-САБАҚ** *2-сыныптар:* «Мұз үстіндегі қауіптер»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
Апта дәйексөзі: «Бірлігі бекем ел - болашағы баянды ел»				
15	«Тәуелсіздік – ата-баба арманы» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 15-САБАҚ** *2-сыныптар:* «5 секунд» ережесі, бейтаныс адаммен диалогты қалай дұрыс құруға болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
Апта дәйексөзі: «Ынтымақ – елдің берекесі»				
16	«Жаңа жылдық тарту» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 16-САБАҚ** *2- сыныптар:* «Желі арқылы танысу қаупі»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
III тоқсан **Қаңтар – заң және тәртіп айы**				
Апта дәйексөзі : «Тәртіп – тәрбиенің темірқазығы»				
17	**№3 ЖЖЕ «Жарақаттанған кездегі алғашқы медициналық көмек»** «Қоғамға қызмет - азаматтық парыз» Д.Қонаевтың туғанына 115 жыл *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 17-САБАҚ** *2- сыныпта:* «Супермаркетте өнімдерді таңдау ережелері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
Апта дәйексөзі : «Әділ заң – ел тұрақтылығының негізі»				
18	«Мемлекет қайраткері елге үлгі» Ж.Шаяхметовтың туғанына 125 жыл *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 18-САБАҚ** *2- сыныптар:* «Егер жабайы жануарларды	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	

	кездестірсем не істеймін?»			
Апта дәйексөздері: «Тәртіп - ел өркендеуінің берік негізі»				
19	«Зорлық зомбылықсыз жарқын болашақ» **№ 19-САБАҚ** *2- сыныптар:* «Үйдегі ойын: қауіпсіздік шараларын сақтау»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
Апта дәйексөздері: «Жасампаз ұрпақ - жарқын болашақтың негі				
20	«Семей ядролық сынақ полигонының жабылғанына 35 жыл» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 20-САБАҚ** *2-сыныптар* :«Жазғы демалыс кезіндегі мінез - құлық ережелері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық				
Апта дәйексөзі: «Ойлы ұрпақ – жаңашыл қоғамның негізі»				
21	«Қауіпсіз интернет» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 21-САБАҚ** *2-сыныптар* : «Төтенше қызмет нөмірлері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
Апта дәйексөзі: «Шығармашыл ұрпақ - жарқын келешектің кепілі»				
22	«Мінез адам көрсеткіші » *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 22-САБАҚ** *2- сыныптар:* «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
Апта дәйексөзі: «Жаңару – уақыт талабы, даму - ел мақсаты»				
23	«Исатай – Маханбет көтерілісіне 190 жыл» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)*			

	№ 23-САБАҚ *2- сыныптар:* «Досыңызды ренжітсе не істеу керек?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
Апта дәйексөзі: «Заманға сай жаңару – дамудың кепілі»				
24	«Алғыс айту – асыл қасиет» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 24-САБАҚ** *2- сыныптар:* «Мұз үстіндегі қауіптер»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы				
Апта дәйексөзі: « Ата-ананы құрметтеу – патриоттықтың бастауы»				
25	«Әйел – әлемнің ажары» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№25-САБАҚ** *2-сыныптар:* «5 секунд» ережесі, бейтаныс адаммен диалогты қалай дұрыс құруға болады?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	Кіріктірілген
Апта дәйексөзі: «Егеменділік – елге жүктелген ұлы жауапкершілік.»				
26	**ЖЖЕ№ 4 «Жарақаттанған, жаралап алған кезде алғашқы медициналық көмек көрсете білуге дағдылану»** «Наурыз – құт-береке бастауы!» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 26-САБАҚ** *2-сыныптар:* «Желі арқылы танысу қаупі»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
Апта дәйексөзі: «Арлы ұрпақ – азат елдің айбыны»				
27	«Қазақ дәстүрі - ұлтқа мұра» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 27-САБАҚ** *2- сыныптар:* «Супермаркетте өнімдерді таңдау ережелері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
IV тоқсан				

Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы				
Апта дәйексөзі: «Еңбекпен келген жетістік – баянды»				
28	**ЖЖЕ №5 «Сен – велосипедшісің»** «Жер сағаты» Дүниежүзілік Жер күні *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 28-САБАҚ** *2- сыныптар:* «Егер жабайы жануарларды кездестірсем не істеймін?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
Апта дәйексөзі: «Еңбек еткеннің – бағы жанады»				
29	«Денсаулық - өмірдің басты құндылығы» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут* **№ 29-САБАҚ** *2- сыныптар:* «Үйдегі ойын: қауіпсіздік шараларын сақтау»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
Апта дәйексөзі: «Білікті маман – елдің жарқын болашағы»				
30	«Тоқтар Әубәкіров 80 жаста» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№30-САБАҚ** *2- сыныптар:* «Жазғы демалыс кезіндегі мінез - құлық ережелері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
Апта дәйексөзі: : «Кәсіп пен білім – кемелдіктің қос тірегі»				
31	«Біз әртүрліміз, бір теңбіз» Қазақстан халықтарының бірлігі күні **№ 31-САБАҚ** *2-сыныптар* : «Төтенше қызмет нөмірлері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
Апта дәйексөзі: «Бірлік пен келісім – бейбіт өмірдің кепілі»				
32	«Ер мен елдің жеңісі» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 32-САБАҚ:**	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	

	2-сыныптар: «Төтенше жағдай туындаған кезде жедел қызметтерге қоңырау шалу скриптері»			
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы				
Апта дәйексөзі: «Ұйымшылдық –қоғамның берік негізі»				
33	«Табиғатты қорғау – туған жерді қорғау» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 33-САБАҚ** *2- сыныптар:* «Досыңызды ренжітсе не істеу керек?»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	
Апта дәйексөзі: «Татулық– тыныштықтың, бірлік – берекенің бастауы»				
34	**«Көше жүргізушілер көзімен»ЖЖЕ №6** «Мен қандай адал азамат болдым?» *Қауіпсіздік сабағы (10 минут)* **№ 34-САБАҚ** *2- сыныптар:* «Жазғы демалыс кезіндегі мінез - құлық ережелері»	Сынып сағаты	Сынып жетекшісі	

Сынып жетекші: *Дауылова А.О*

Сынып сағатының жоспары

Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда):	Дауылова А.О.
Күні:	14.09.2026
Сынып: 2	Қатысушылар саны: Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Адал ұрпақ – елдің жарқын болашағы
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	Оқушыларда адалдық, шыншылдық және жауапкершілік қасиеттерін қалыптастыру; көшеде және жолда өзін-өзі ұстау ережелерін білу және сақтау дағдысын дамыту; төтенше жағдай туындағанда дұрыс әрекет ете білуге, жедел қызметтерге дұрыс хабарласуға үйрету.
Сабақтың мақсаты	Оқушыларды «адал азамат» ұғымымен, оның белгілерімен таныстыру; жол жүру ережелерін және жедел қызметтерге қоңырау шалу тәртібін меңгереді. Оқушылардың сөйлеу, ойлау, талдау жасау, өз пікірін дәлелдей білу дағдылары дамиды. Адалдыққа, жауапкершілікке, өзін-өзі және өзгелерді қауіп-қатерден қорғай білуге тәрбиелейді
Құндылықтарды дарыту	Қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік; Адалдық; Ынтымақтастық; Өмір бойы білім алу.

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңі	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	**Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу.** Мұғалім: «Қайырлы күн, балалар! Бүгінгі сабағымызды жақсы көңіл-күймен бастайық.» **Психологиялық ахуал қалыптастыру («Комплимент добы» әдісі).** Мұғалім: «Балалар, қолымда жұмсақ доп бар. Мен допты біреуіңе лақтырамын, ал доп қолына тиген оқушы өз көршісіне жылы, жақсы сөз айтады, содан кейін допты келесі балаға лақтырады. Дайынбыз ба?	Мұғалімді тыңдайды, амандасады. «Комплимент добы» ойынына қатысады, көршісіне жақсы сөз айтады.	Жұмсақ доп.

	Бастаймыз!» (Ойын 4–5 оқушымен жүргізіледі.) **Қызығушылықты ояту («Сурет талдау» әдісі).** Мұғалім тақтаға (немесе слайдқа) екі сурет ілінеді: біріншісінде бала тауып алған затты иесіне қайтарып тұр, екіншісінде бала оны жасырып, өзіне алып қалады. Мұғалім: «Балалар, мына екі суретке мұқият қараңдар. Бірінші суретте бала не істеп тұр? Ал екінші суретте ше? Осы екі баланың қайсысы дұрыс әрекет етіп тұр деп ойлайсыңдар? Неліктен?» (Оқушылардың жауаптарын тыңдайды, әрбір жауапты мадақтайды.) Мұғалім: «Дұрыс, балалар! Бүгін біз дәл осындай, адал болу және жауапты азамат болу туралы – «Адал ұрпақ – елдің жарқын болашағы» деген тақырыпта сынып сағатын өткіземіз. Сабақтың соңында сендер адал азамат кім екенін, көшеде қалай жүру керектігін және қауіпті жағдайда қай нөмірге қоңырау шалу керектігін білетін боласыңдар.»	Суреттерді салыстырып, талдайды, сұрақтарға жауап беріп, сабақтың тақырыбын болжайды.	Екі салыстырмалы сурет / слайд. .
Сабақтың ортасы 25 минут	**1-бөлім. «Адал азамат кім?» — Кластер құру әдісі (7 минут)** Мұғалім тақтаның ортасына дөңгелек сызып, ішіне «АДАЛ АЗАМАТ» деп жазады. Мұғалім: «Балалар, адал азамат қандай болу керек деп ойлайсыңдар? Айтқан әрбір сөздеріңді осы дөңгелектің айналасына жазып, сәуле секілді сызықпен қосамын.» (Оқушылардың ұсынған сөздерін – шындық айтады, уәдесін орындайды, көмектеседі, жауапты, батыл – тақтаға кластер түрінде жазады.) Мұғалім әр сөзге қысқаша тоқталып өтеді: «Ал “жауапты” деген нені білдіреді? Жауапты бала қандай іс істейді?» (2–3 сөзге осылай сұрақ қойып, талдайды.) **ЖИмен жасалған бейнеролик көрсетеді. Қортындылайды.**	Кластер құруға қатысады, «адал азамат» сөзіне байланысты сөздер ұсынады, мұғалімнің сұрақтарына жауап береді.	«Адал азамат» кластер-схемасы (тақта/слайд). Стансаларға арналған үш түрлі карточка жиынтығы.

	Мұғалім: «Міне, балалар, көріп тұрсыңдар – адал азамат деген осындай көптеген жақсы қасиеттерден тұрады екен.» **Көшеде және жолда өзін-өзі ұстау ережелері — «Стансалар» әдісі (8 минут)** Мұғалім: «Адал азаматтың тағы бір белгісі бар – ол ережелерді біледі және сақтайды, себебі өз өмірін де, айналасындағылардың өмірін де қорғайды.» Мұғалім оқушыларға көшеде және жолда өзін-өзі ұстаудың негізгі ережелерін түсіндіреді: • Жаяу жүргінші тек тротуармен жүруі керек, ал тротуар болмаса – жол шетімен, көлік қозғалысына қарсы бағытта жүру керек. • Көшені тек арнайы белгіленген жерден – жаяу жүргіншілер өткелінен («зебрадан») немесе бағдаршам жанында, тек жасыл түс жанғанда ғана кесіп өту керек. • Жолды кесіп өтпес бұрын: тоқта → солға қара → оңға қара → қайта солға қара → көлік жоқ екеніне көз жеткізіп барып қана жолдан өт! • Бағдаршам түстерін есте сақта: қызыл – тоқта, сары – дайын бол, жасыл – жүруге болады. • Жол жиегінде, жүргінші бөлігінде доппен ойын ойнауға, велосипедпен жол жиегінде жүруге болмайды. • Қоғамдық көлікке толық тоқтағанша отырмау керек, түскенде де абай болу керек. • Қараңғы уақытта сыртқа шыққанда жарық шағылыстырғыш белгі тағу пайдалы. **Мұғалім: Ал енді осы ережелерді «Стансалар» әдісімен бекітейік.** Сендерді үш топқа бөлемін, әр топ өз стансасында тұрған карточкалармен танысып, тапсырманы орындайды, содан кейін дабыл берген соң келесі стансаға көшеді. • 1-станса «Бағдаршам»: карточкада бағдаршамның түрлі-түсті шеңбері салынған, топ әр түстің мағынасын жазып шығуы керек.	Бейнеролик тамашалайды Жол ережелерін тыңдайды	Бейнеролик Дабыл (қоңырау/тимер).

	• 2-станса «Жаяу жүргінші өткелі»: карточкада бірнеше жағдай суреттелген (бала зебрамен өтеді, бала жол ортасынан жүгіреді т.б.), топ қайсысы дұрыс екенін белгілейді. • 3-станса «Жолда бола ма, болмай ма?»: карточкада іс-әрекеттер тізімі берілген (допты жолда ойнау, көшеде велосипед тебу, ересекпен қол ұстасып жүру т.б.), топ «болады/болмайды» деп бөліп жазады. Мұғалім әр топты аралап, бақылайды, қажет болса көмектеседі. Уақыт аяқталған соң әр топ өз стансасында тапқан жауаптарын қысқаша дауыстап оқиды, мұғалім түзетіп, толықтырады. **Төтенше жағдайда жедел қызметтерге қоңырау шалу скрипттері — «Топтық кейс-стади» әдісі (10 минут)** Мұғалім: «Балалар, кейде күтпеген жағдайлар – өрт, жарақат, апат немесе басқа да қауіп-қатер туындауы мүмкін. Ондай кезде кімге қоңырау шалу керектігін білу – бұл да адал және жауапты азаматтың белгісі, себебі ол өзін де, айналасындағыларды да қорғай алады.» Мұғалім жедел қызметтердің нөмірлерін таныстырады: • 112 – барлық жағдайда көмекке шақыратын жалғыз (бірыңғай) нөмір; • 101 – өрт сөндіру қызметі; • 102 – полиция; • 103 – жедел медициналық жәрдем; • 104 – газ қызметі. Мұғалім: «Диспетчерге қоңырау шалғанда бес маңызды сұраққа жауап беру керек:» • 1) Не болды? (өрт, жарақат, апат т.б.) • 2) Қай жерде болды? (нақты мекенжай – көше, үй, пәтер нөмірі) • 3) Кім хабарлап тұр? (атың) • 4) Байланыс телефон нөмірің бар ма? • 5) Диспетчер сұрағын аяқтағанша телефонды өз бетінше тастама!	«Стансалар» бойынша топпен жұмыс істейді, карточкалармен тапсырма орындайды, жауаптарын дауыстап оқиды. Жедел қызмет нөмірлерін және диспетчерге қоңырау шалу тәртібін тыңдап есте сақтайды	Кеспе карточкалар

	Мұғалім: «Есіңізде болсын: бұл нөмірлерге тек шын мәнінде көмек қажет болғанда ғана қоңырау шалу керек! Ойын үшін немесе әзіл үшін қоңырау шалуға болмайды, себебі бұл шынымен көмекке мұқтаж адамдарға кедергі жасайды.» **Мұғалім сынып оқушыларын 3 топқа бөледі және әр топқа өз жағдай-карточкасын (кейсін) береді:** 1-топқа – «үйде өрт шықты», 2-топқа – «көшеде дос жарақат алды», 3-топқа – «үйге су басты». Мұғалім: «Әр топ өз кейсін оқиды және жаңа білген бес сұрақты пайдаланып, диспетчермен қоңырау сценарийін өздерің құрастырасыңдар: не айтасыңдар, қандай мекенжай атайсыңдар, кім хабарлап тұрғанын қалай айтасыңдар. Дайын болған соң, топ атынан екі оқушы сыныпқа шағын сахналап көрсетеді.» (Топтар 4–5 минут ішінде өз сценарийін дайындайды, содан кейін кезекпен сыныпқа таныстырады.) Мұғалім әр таныстырудан кейін дұрыс/толықтыруды қажет ететін тұстарын атап өтеді.	Топпен өз кейсі бойынша қоңырау сценарийін құрастырады, сыныпқа сахналап көрсетеді.	Үш кейс-карточка (өрт, жарақат, су басу). «Адалдық ағашы» постері мен жапырақшалар.

Сабақтың соңы 5 минут	**Қорытындылау және рефлексия («Бес саусақ» әдісі).** Мұғалім: «Балалар, сол қолдарыңды жайып, әр саусаққа қарап, мына сұрақтарға ойша жауап беріңдер:» • Бас бармақ – Бүгін не білдім? • Сұқ саусақ – Ең қызық не болды? • Ортаңғы саусақ – Не қиын болды? • Аты жоқ саусақ – Көңіл-күйім қандай? • Шынашақ – Мен ендігі не істей аламын? Мұғалім бірнеше оқушыдан осы сұрақтардың біреуіне жауап беруін сұрайды. **Мұғалімнің қорытынды сөзі:** «Балалар, есте сақтаңдар: адал азамат – ол тек шындықты айтатын ғана емес, сонымен қатар өзінің және айналасындағылардың қауіпсіздігі үшін жауапты бола білетін адам. Жол ережелерін әрқашан сақтаңдар, ал қиын жағдайда қорықпай, дұрыс әрекет етіп, жедел қызметке дұрыс хабарласуды үйреніңдер. Сендер – еліміздің болашағысыңдар! Сау болыңдар, балалар!»	«Бес саусақ» әдісі бойынша өз ойларын саусақтарына сәйкес қорытады. Сұрақтарға ауызша жауап береді. Мұғаліммен қоштасады.	«Бес саусақ» сызбасы бар карточка/слайд.

Сынып сағаты	**Руханияттың шамшырағы – Өзбекәлі Жәнібеков**	
Сынып жетекші:	Дауылова А.О.	
Күні:	28.09.2026	
Сынып: 2А	Қатысқаны:	Қатыспағаны:
Сабақтың тақырыбы:	Руханияттың шамшырағы – Өзбекәлі Жәнібеков. Қауіпсіздік сабағы №4: «Мұз үстіндегі қауіптер»	
Сынып сағатының мақсаты:	Оқушыларға Өзбекәлі Жәнібековтің ұлт мәдениетін, тарихи мұраны қорғауға сіңірген еңбегін жасына сай таныту; еңбекқорлық, отансүйгіштік және рухани мұраға қамқорлық қасиеттерін қалыптастыру.	
Қауіпсіздік сабағының мақсаты:	Мұз үстіндегі қауіпті жағдайларды ажыратуға, қауіпсіз әрекет алгоритмін айтуға және төтенше жағдайда ересектерден көмек сұрауға үйрету.	
Қауіпсіздік сабағының міндеті:	Жұқа мұздың белгілерін таныту; мұзға жалғыз шықпау ережесін бекіту; мұз ойылса немесе басқа адамды көрсе, қауіпсіз жерден 112 нөміріне хабарлау керектігін түсіндіру.	
Құндылықтарды дарыту:	Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік; ұлттық мұраға құрмет; жауапкершілік; өз өмірі мен өзгенің қауіпсіздігіне ұқыптылық.	
Апта дәйексөзі:	**«Еңбекпен шыңдалған адам – адамдықтың үлгісі»**	

Сабақтың барысы:

Сабақтың кезеңі/уақыт	**Педагогтің әрекеті**	**Оқушының әрекеті**	**Ресурстар**
Сабақтың басы **5 минут**	**Амандасу және назарды шоғырландыру.** Мұғалім жылы жүзбен: «Балалар, бүгін біз елінің мәдени мұрасын қорғауға бүкіл ғұмырын арнаған тұлғамен танысамыз. Алдымен алақанымызды жүрек тұсына қойып, бір-бірімізге: “Еңбегің жемісті болсын!” деп тілейік», – дейді.	• Шеңберге тұрып, тілекті бірге айтады.	Шамшырақ суреті, тақырып жазылған слайд

	«Шамшырақ сәулесі» әдісі. Тақтаға шамшырақ суретін көрсетеді. «Шам жарық береді. Ал адам елге қандай ісімен жарық бере алады?» деп сұрайды. 2–3 жауапты тыңдап: «Бүгінгі кейіпкеріміз де халқымыздың руханиятына жарық берген азамат» деп тақырыпты ашады. **Дәйексөзбен байланыс.** «“Еңбекпен шыңдалған адам – адамдықтың үлгісі” дегенді қалай түсінесіңдер? Шыңдалу – көп еңбектеніп, төзімді әрі шебер болу», – деп қысқа түсіндіреді. Сабақ мақсатын балалар тілімен хабарлайды: «Біз Өзбекәлі атаның еңбегін танып, мұраны қорғаудың маңызын түсінеміз».	• Шамшыраққа қарап, «жақсы ісімен», «білімімен», «еңбегімен» сияқты ойларын айтады. • Дәйексөздің мағынасын өз сөзімен түсіндіреді, сабақ мақсатын тыңдайды.	
Сабақтың ортасы 20 минут	**1. «Жәдігер сөйлейді» әдісі – 6 минут.** Мұғалім Тайқазан, домбыра, музей және ұлттық киім суреттерін жеке-жеке көрсетеді. «Бұл заттар бізге өткен өмірден сыр шертеді. Оларды жоғалтпай, келесі ұрпаққа жеткізу – үлкен еңбек» дейді. **Кейін:** «Өзбекәлі Жәнібеков – мемлекет және қоғам қайраткері, этнограф. Ол ұлттық салт-дәстүрді, көне жәдігерлерді, музейлер мен тарихи орындарды қорғауға еңбек етті. Тайқазанның Түркістанға қайта оралуына зор үлес қосты» деп жас ерекшелігіне сай таныстырады. ЖИ арқылы Ө.Жәнібеков жайлы бейнеролик көрсетеді **Сұрақтар:** «Өзбекәлі атаның еңбегі кім үшін жасалды? Тайқазан неліктен құнды? Біз мұраны қалай қорғай аламыз?» Жауаптарды толық сөйлеммен айтқызады.	• Суреттерді бақылайды, жәдігерлердің ортақ белгісін атайды. • Бейнеролик тамашалайды • Мұғалім әңгімесін тыңдап, сұрақтарға толық сөйлеммен жауап береді.	Тайқазан, домбыра, музей, ұлттық киім суреттері; Бенеролик

	2. «Мәдениет қорғаны» топтық тапсырмасы: Әр топқа жағдаят картасын береді: 1) музейде жәдігерге қол созған бала; 2) кітаптың бетін жыртып алған оқушы; 3) домбыраны ұқыпты ұстап үйреніп жүрген бала; 4) ұлттық оюды зерттеп отырған оқушы. «Жасыл белгі – мұраны қорғайтын іс, қызыл белгі – дұрыс емес іс. Таңдауларыңды бір сөйлеммен дәлелдеңдер» дейді. Топтарды аралап, «Неге? Қалай түзетуге болады?» деген тірек сұрақтармен қолдайды. **3. «Еңбек ізі» қимылды сәйкестендіру:** Тақтаның бір жағына «ЕҢБЕК», екінші жағына «НӘТИЖЕ» карточкаларын орналастырады. Оқушыларға жұп карточкалар таратады: зерттеді–тарих танылды; қорғады–жәдігер сақталды; ұйымдастырды–музей ашылды; үйренді–өнер жалғасты. «Өз жұбыңды тауып, нәтижені дауыстап оқы» дейді. Соңында: «Үлкен нәтиже күнделікті еңбектен басталады» деп түйіндейді.	• Топта суретті талқылайды, жасыл не қызыл белгіні таңдап, шешімін дәлелдейді. • Сынып ішінде өз карточкасының жұбын табады; еңбек пен нәтиже арасындағы байланысты айтады.	жасыл/қызыл белгілер;
Сабақтың соңы 5 минут	**«Шамшырақтан бір ұшқын» қорытындысы.** Мұғалім: «Өзбекәлі атаның бір еңбегін ата. Оның бойындағы бір қасиетті айт. Сен ұлттық мұраны қорғау үшін қандай бір іс жасай аласың?» – деп үш қысқа сұрақ қояды. **Бағалау.** Жауап берген әр балаға: «Сен нақты дерек атадың», «Сен еңбектің нәтижесін дұрыс байланыстырдың», «Сен мұраны қорғаудың жақсы жолын ұсындың» деген нақты ауызша кері байланыс береді.	• Үш сұрақтың біреуін таңдап жауап береді. • Сыныптастарының жауабын тыңдайды, қажет болса толықтырады. • Мұраға қамқорлық пен жеке қауіпсіздік арасындағы байланысты түсінеді.	Шамшырақ пішінді шағын карточкалар

	Өтпелі көпір. «Мәдени мұраны ұқыпты қорғағанымыз сияқты, өз өмірімізді де сақтай білуіміз керек. Қыста бізге кездесетін қауіптің бірі – мұз» деп қауіпсіздік бөліміне өткіземіз.		
Қауіпсіздік сабағы №4 10 минут	**Тақырыбы: «Мұз үстіндегі қауіптер».** **1. «Мұз детективі» – 3 минут.** Мұғалім екі көрініс көрсетеді: а) балалар ересек адаммен қоршалған мұз айдынында; ә) бала өзен мұзына жалғыз бара жатыр, мұз бетінде су, жарықшақ және қара дақ бар. «Детективтер, қай суретте қауіп жасырынған? Дәлеліңді айт» дейді. Жауаптан кейін: «Өзен, көл, арықтағы мұз әрдайым бірдей берік болмайды. Жұқа мұзды көзбен дәл анықтау мүмкін емес. Сондықтан тек арнайы жабдықталған, ересектер рұқсат берген жерде сырғанаймыз» деп нақтылайды. **2. «Қауіпсіз бағыт» еден картасы – 4 минут.** Еденге үш бағыт белгісін қояды: «ТОҚТА», «КЕРІ ҚАЙТ», «КӨМЕК ШАҚЫР». Жағдаяттарды оқиды: «Досың мұзға шақырды»; «Мұздың шытырлағанын естідің»; «Алыста біреудің мұз ойығына түскенін көрдің». Әр жағдаяттан кейін оқушылар тиісті белгіге тұрады. Мұғалім дұрыс әрекетті бекітеді: «Қауіпті мұзға жақындамаймыз. Қауіпсіз жерде тұрып ересек адамды шақырамыз, 112 нөміріне хабарлаймыз. Өзіміз қол созып немесе жүгіріп бармаймыз». **3. «Құтқарушыға хабарлас» рөлдік жаттығуы – 3 минут.** Ойыншық телефонды ұсынып: «112 қызметіне не	• Суреттерді салыстырып, қауіпті белгілерді атайды: жалғыз бару, жарықшақ, су, қара дақ. • Жағдаятты тыңдап, қауіпсіз бағыт белгісіне тұрады және таңдауын түсіндіреді. • 112 нөміріне хабарлау үлгісін рөлмен орындайды; аты-жөнін, оқиға орнын, не болғанын айтуға жаттығады. • Алгоритмді хормен қайталайды.	Қауіпсіз/қауіпті мұз суреттері; «ТОҚТА», «КЕРІ ҚАЙТ», «КӨМЕК ШАҚЫР» белгілері; ойыншық телефон; 112 карточкасы

	айту керек?» дейді. Үлгі береді: «Менің атым – … . Мұз үстінде адамға қауіп төнді. Оқиға орны – … . Мен қауіпсіз жерде тұрмын». Бір оқушымен қысқа диалог жүргізеді. Соңында барлығы бірге алгоритмді айтады: «Тоқта – жақындама – ересекке айт – 112-ге хабарлас».		
Сабақтың соңы **3 минут**	**«Үш белгі» рефлексиясы.** Тақтаға үш белгі іледі: шамшырақ – «Мен Өзбекәлі атаның еңбегін білдім»; мұражай – «Мен мұраны қорғау жолын айта аламын»; қар ұлпасы – «Мен мұздағы қауіпсіздік алгоритмін білемін». «Өзіңе маңызды болған белгінің жанына стикер жапсыр да, бір сөйлеммен не үйренгеніңді айт» дейді. **Қорытынды сөз.** «Өзбекәлі Жәнібеков халқымыздың рухани мұрасын еңбекпен қорғады. Біз де мұраны қадірлеп, қауіпсіздік ережесін сақтап, жауапты азамат болып өсеміз» дейді. Белсенді қатысқандары үшін алғыс білдіреді.	• Бір белгіні таңдап, стикерін жапсырады. • «Мен бүгін… білдім/үйрендім» үлгісімен ойын айтады. • Қорытындыны тыңдап, сынып сағатын аяқтайды.	Шамшырақ, мұражай, қар ұлпасы белгілері; стикерлер

Сынып сағаты	
Сынып жетекші:	Дауылова А.О.
Күні:	19.10.2026
Сынып: 2	Қатысқаны: Қатыспағаны:
Сабақтың тақырыбы:	«Адал еңбек – абыройлы өмір» **Қауіпсіздік сабағы (№ 7):** «Супермаркетте өнімдерді таңдау ережелері»
Сынып сағатының мақсаты:	Еңбектің адам өмірі мен Отанның көркеюіндегі маңызын түсіндіру; әр тағамның, әр заттың артында адамның еңбегі тұрғанын таныту; еңбекке және еңбек адамына құрмет, туған жерге деген сүйіспеншілік қалыптастыру.
Қауіпсіздік сабағының мақсаты:	Оқушыларды супермаркетте өнімдерді қауіпсіз таңдау ережелерімен таныстыру; орауышты тексеру, жарамдылық мерзімін табу және ересекпен бірге жүру дағдыларын қалыптастыру.
Қауіпсіздік сабағының міндеті:	1. Өнім орауышының бүтіндігін және жарамдылық мерзімін тексеруді үйрету. 2. «Бағдаршам» арқылы «аламын – ересекке көрсетемін – алмаймын» деп шешім қабылдауға дағдыландыру. 3. Супермаркетте ересектің қасынан кетпеу және адасып қалса қайда барып, не айту керектігін бекіту.
Құндылықтарды дарыту:	Отансүйгіштік, еңбексүйгіштік, жауапкершілік, қамқорлық, қауіпсіз мінез-құлық мәдениеті.
Апта дәйексөзі:	**«Отан – алтын бесік, туған жер – жанға медет»**

Сабақтың барысы:

Сабақтың кезеңі/ уақыт	Педагогтың әрекеті	Оқушының әрекеті	Ресурстар
Сабақтың басы (5 мин)	**1. Ұйымдастыру кезеңі. «Бақыт шеңбері»** Мұғалім оқушыларды есік алдында күлімсіреп қарсы алады, әрқайсысына «күн» стикерін береді (сары, жасыл, қызыл – 3 топқа бөлінеді). Балаларды шеңбер етіп тұрғызады, қолына «Алтын бесік» ойыншығын (жұмсақ доп) береді. Жайлы қазақ күйін қосады. **Мұғалім:** «Армысыңдар, балалар! Бүгін сыныбымызға Алтын бесік қонаққа келді. Бесік ойыншығы қолға тиген адам туған жері туралы бір жылы сөз айтады: «Менің туған жерім – ...» деп жалғастырыңдар. Мен бастаймын: «Менің туған жерім – әдемі, кең Қазақстан!» **2. «Сөз-мозаика»** Тақтаға апта дәйексөзінің сөз карточкалары араласып ілінген. Әр топқа дәйексөз карточкаларының жиынтығы беріледі. **Мұғалім:** «Сөздер әр жаққа шашылып қалыпты. Көмектесейікші! Дұрыс жинасақ, күнімізге ерекше сыйлық шығады». Жиналғаннан кейін: «Бесік – кішкентай баланың ең жылы, ең қауіпсіз орны. Отан да сол сияқты бізді қорғап, асырайды. Ал осы Отанды кім көркейтеді деп ойлайсыңдар?» **3. Тақырыпқа шығу. «Сиқырлы қапшық»** **Әрекеті:** Қапшықта нан, бидай масағы, алма, бос сүт қорабы бар. Мұғалім балаларды кезекпен шақырады, көздерін жұмғызып, затты сипатып тапқызады.	Шеңбер құрып, допты бір-біріне беріп, «Менің туған жерім – ...» деп сөйлем айтады. Топтасып, сөз карточкаларынан дәйексөзді құрастырады, тақтаға іледі, хормен оқиды. «Бесік» туралы өз ойын бөліседі. Қапшықтан затты көзін жұмып сипап табады: «Бұл – нан!», «Бұл – алма!». «Нан, алма – адамның еңбегінің жемісі» деген қорытындыға келеді, сабақ тақырыбын айтады.	«Алтын бесік» ойыншығы (жұмсақ доп), күн стикерлері Қазақ күйі (аудио) Дәйексөз сөз карточкалары «Сиқырлы қапшық», нан, бидай масағы, алма, бос сүт қорабы

	Мұғалім: «Бұл заттар біздің дастарханға қалай келді? Оларды кім жасады? Олай болса, бүгінгі сабағымыздың тақырыбы – «Еңбекпен келген бақыт»!»		
Сабақтың ортасы (15 мин)	**1. «Нан жолы» – тірі тізбек** Мұғалім әр топқа 5 суреттен тұратын «Нан жолы» карточкаларын таратады: бидай егу, комбайн, диірмен, наубайхана, дүкен сөресі. Топтар карточкаларды ретімен қояды. Содан соң 5 бала суретті ұстап шығады, мұғалім оларға қызыл қағаздан жасалған «бақыт жүрегін» береді. **Мұғалім:** «Нан дүкен сөресіне өздігінен келмейді. Оның жолы ұзақ. Суреттерді ретімен қойыңдар. Енді тірі тізбек құрайық: жүректі бір-біріңе беріп, «Мен – егінші, бидай егемін» деп өз мамандығыңды айтыңдар. Қараңдар, жүрек не болды? Әр адам өз еңбегінің жылуын қосты. Ал соңында ол біздің дастарханымызға бақыт болып жетті». **2. Сергіту сәті «Бидай өсті» (1 мин)** **Әрекеті:** Мұғалім қимылдарды көрсетіп, өзі бірге орындайды. **Мұғалім:** «Тұқым жерге түсті (отырады), жаңбыр жауды (саусақпен тықылдатады), масақ көтерілді (орнынан тұрады), жел соқты (оңға-солға тербеледі), бидай піседі (қолды жоғары көтереді)!» **3. Топтық жұмыс «Рақмет хаты»** Әр топқа конверт беріледі: бос қаптама (нан/сүт/жеміс), 3 сұрақ карточкасы («Кім жасады?», «Қандай еңбек керек?», «Оған не деп айтамыз?»), түрлі-түсті қағаз, қарындаш. Мұғалім топтарды аралап, көмектеседі. Қаптамадағы	Карточкаларды ретімен қойып, нан жолын құрастырады. Тірі тізбек құрады, «бақыт жүрегін» бір-біріне беріп, өз мамандығын айтады («Мен – наубайшы, нан пісіремін»). Мұғаліммен бірге қимыл жасайды, сергиді. Топта қаптаманы зерттейді, сұрақтарға жауап береді.	«Нан жолы» суреттері (5 карточка, 3 жиынтық) Қызыл қағаз «бақыт жүрегі» Бос қаптамалар (нан, сүт, жеміс) Сұрақ карточкалары, түрлі-түсті қағаз, қарындаштар Интерактивті тақта: «Бидай өсті» қимыл суреттері

	«Қазақстанда жасалған» белгісін көрсетеді. **Мұғалімнің сөзі:** «Әр қаптаманың артында адамның еңбегі тұр. Топтарыңда өнімді жасаған адамға «Рақмет хатын» жазыңдар немесе сурет салыңдар. Мына белгіні қараңдар: «Қазақстанда жасалған». Біз өз елімізде жасалған өнімді құрметтегенде, еңбек адамына да, Отанымызға да құрмет көрсетеміз. «Отан – алтын бесік» болса, оны алтындай ететін – еңбек!» **Топтар қорғау:** әр топ бір сөйлеммен «Біз ... еңбегіне ризамыз» деп айтады.	«Рақмет хатын» жазады, сурет салады. Топ атынан бір сөйлеммен «Біз ... еңбегіне ризамыз» деп айтады. Басқа топтың жауабын тыңдайды, қол шапалақтап бағалайды.	
Сабақтың соңы (3 мин)	**«Бақыт гүлі»** Мұғалім тақтаға ортасы сары, жапырақтары бос гүл суретін іледі. Әр балаға гүл жапырағын береді. **Мұғалім:** «Әрқайсың жапыраққа бүгін қандай еңбек істей алатыныңды жазыңдар немесе салыңдар. Мысалы: бөлмемді жинаймын, нанды қиқымсыз жеймін, анама көмектесемін. Жапырақты гүлге жапсырыңдар. Қараңдар, гүл қандай әдемі болды! Гүл гүлдесе – Отан да гүлдейді!»	Жапыраққа еңбек туралы жазады немесе салады. Жапырақты гүлге жапсырады, өз жауабын айтады.	Гүл суреті, жапырақ-стикерлер, желім, қарындаштар
Қауіпсіздік сабағы 10 мин	**«Алтын бесік» супермаркет-квесті: «Таңдау төртігі»** **1. Кіріспе (1 мин)** Сынып бұрышында парталардан «ШағынМаркет» сөресі жасалған. Мұғалім дүкен басшысының жилетін киіп, рөлге кіреді. **Мұғалім:** «Құрметті сатып алушылар! «Алтын бесік» супермаркетіне қош келдіңіздер! Бірақ дүкенге кіру үшін қауіпсіздік билеті керек. Билетті «Таңдау төртігін» үйренгенде аласыңдар!» **2. «Таңдау төртігі» – 4 ереже**	Қауіпсіздік билетін алу үшін ережелерді тыңдайды. Қимылмен «Қара, оқы, сұра, тоқта» ережелерін қайталайды. «Бағдаршам» карточкасын көтеріп, таңдауын дәлелдейді: «Мен қызыл көтердім, себебі мерзімі өткен». Жұпта лупамен жарамдылық мерзімін іздейді.	«ШағынМаркет» (сынып бұрышы) Бос қаптамалар (нан, йогурт, консерві, тәтті) Лупалар Бағдаршам карточкалары (жасыл, сары, қызыл)

	Мұғалім ереже карточкасын көрсетеді, оқушылармен бірге қимылын жасайды. **Мұғалім: ҚАРА!** (қолмен көзілдірік жасайды) – «Орауыш бүтін бе? Жыртылмаған, домбықпаған, соғылмаған ба?» **ОҚЫ!** (саусақпен жол жүргізеді) – «Жарамдылық мерзімін тап: «дейін жарамды». Мерзімі өтсе, алмаймыз. Құрамын оқимыз». **СҰРА!** (қол көтереді) – «Ересектен сұраймын. Маған не болмайтынын (аллергия) ересек біледі». **ТОҚТА!** (алақанды алға созады) – «Ашылған өнімді татпаймын. Ересектен адасып кетсем, тұрған жерімде тұрамын да, қызметкерге «Мен анамды жоғалттым» деймін». **3. «Бағдаршам» ойыны** Мұғалім «сөреден» өнімдерді кезекпен алады (бос қаптамалар, күндері қолдан жазылған). Оқушылар жасыл, сары, қызыл карточка көтереді. **Мұғалім:** «Бүтін нан қаптамасы бар. Қандай түс көтереміз? Жарамдылық мерзімі өткен йогурт? Домбыққан консерві банкасы? Құрамы түсініксіз тәтті? Неге осы түсті таңдадың?» (жасыл – ересекпен тексеріп аламын, сары – ересекке көрсетемін, қызыл – алмаймын). **4. «Лупа-детектив»** Жұптарға лупа мен қаптама беріледі. **Мұғалім:** «Детективтер! Лупамен «дейін жарамды» жазуын табыңдар. **5. «Адасып қалдым» – рөлдік ойын** Бір оқушы «адасқан бала», екіншісі «сатушы» рөлін ойнайды. Мұғалім бағыттайды.	Рөлдік ойында «адасқан бала» мен «сатушыны» ойнайды, хормен ережені айтады. Парақтағы 4 суретке бағдаршам түсін таңдап бояйды. Слайдтағы дұрыс жауаппен өзін-өзі тексереді.	«Таңдау төртігі» ереже карточкалары (қалауынша QR-кодпен: аудио түсіндірме) Мұғалімнің жилеті, «Алтын чек»

	Мұғалім: «Адасып қалсаң не істейсің? Қайталайық: Тоқтаймын, күтемін, қызметкерге барамын!» **Жеке жұмыс: «Менің таңдау парағым»** Мұғалім әр оқушыға парақ таратады: 4 сурет (жыртылған орауыш, мерзімі өткен сүт, бүтін алма, ашық қаптамалы тәтті). Жұмысты аралап, қолдау көрсетеді. Жауабын слайдта көрсетіп, өзін-өзі тексертеді. **Мұғалім:** «Әрқайсың жеке жұмыс жасайсыңдар. Әр суреттің жанындағы дөңгелекті бағдаршам түсіне бояңдар: жасыл, сары немесе қызыл. Уақытыңыз – 3 минут. Мен жаныңа барып көмектесемін. Енді тақтаға қараңдар, өзіңді өзің тексер, дұрыс болса – жұлдызша қой!»		«Менің таңдау парағым» (жұмыс парағы) Бояу қарындаштары, жұлдызшалар Слайд: дұрыс жауаптар
Сабақтың соңы (3 мин)	**Рефлексия: «Супермаркет себеті»** Тақтаға себет суреті ілінген. **Мұғалім:** «Бүгінгі сабақ сендерге ұнады ма? Өзіңе сай смайликті таңда: жасыл – бәрін түсіндім, сары – азғантай сұрағым бар, қызыл – қайта түсіндіруді қалаймын. Стикерді себетке жапсырыңдар. Сендер еңбектің қадірін де, дүкенде ақылмен таңдауды да үйрендіңдер». **Қорытынды:** «Отан – алтын бесік, туған жер – жанға медет. Бесікті еңбекпен күтеміз, ал сақ та білімді болуларың – сол бесіктің ең қымбат қазынасы. Сау болыңдар, балалар!»	Смайликті таңдап, себетке жапсырады. Сабақтан алған әсерін, не үйренгенін айтады.	Себет суреті Смайлик-стикерлер «Алтын чек»